

**«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің
2022 жылғы «28» наурыздағы
(№ 3 хаттама) шешімімен
«БЕКІТІЛДІ».**

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Қызылорда қаласындағы филиалы туралы
ЕРЕЖЕ**

Ақтөбе қаласы, 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысының нормаларына сәйкес әзірленген.

1.2. Осы Ереже «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда қаласындағы филиалының (бұдан әрі - Филиал) қызметін регламенттейді және реттейді.

1.3. Филиал «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) орналасқан жерінен тыс орналасқан және оның өкілдік функцияларын қоса алғанда, оның функцияларының барлығын немесе бір бөлігін орындайтын бөлек бөлімшесі болып табылады.

1.4. Филиалдың ресми және толық атауы:

1.4.1. қазақ тілінде: ««Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда қаласындағы филиалы»;

1.4.2. орыс тілінде: «Филиал некоммерческого акционерного общества «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова в городе Кызылорда».

1.5. Филиалдың қысқаша атауы:

1.5.1. қазақ тілінде: «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ Қызылорда қ. филиалы;

1.5.2. орыс тілінде: «Филиал НАО «ЗКМУ имени Марата Оспанова» в г. Кызылорда».

1.6. Филиалдың орналасқан жері: 120001, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 18.

1.7. Филиалдың қызмет ету мерзімі Университеттің қызмет ету мерзімімен шектелген.

2. Университет туралы ақпарат

2.1. Университеттің атауы:

2.2.1. Ресми және толық: «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

2.2.2. Қысқаша: «БҚМУ» КеАҚ.

2.3. Университеттің орналасқан жері: 030019, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьев көшесі, 68.

2.4. Университетті мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер: Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ақтөбе қаласы Астана ауданы Әділет басқармасында 2019 жылғы 5 наурызда тіркелген, БСН 990 240 007 563.

2.5. Университет қызметінің негізгі мәні - жоғары білім, кең бейінді ауруханалардың, мамандандырылған ауруханалардың және стационарлары мен жалпы дәрігерлік практикасы бар басқа да емдеу мекемелерінің қызметі болып табылады.

3. Филиалдың құрылымы

3.1. Филиалдың ұйымдық құрылымы мен штат саны Филиалдың мақсаттары, міндеттері мен функциялары, сондай-ақ Университеттің ағымдағы және болашақ жоспарлары ескеріле отырып Университеттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

3.2. Нақты ғылыми, зерттеу және басқа жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін Филиалда уақытша ғылыми ұжымдар мен уақытша еңбек ұжымдары құрылуы мүмкін.

4. Филиал қызметінің мәні және негізгі қызмет түрлері

4.1. Филиал қызметінің мәні Қызылорда қаласында жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық, қосымша және бейресми білім беру саласындағы Университеттің функцияларын жүзеге асыру (резиденттерді даярлау) болып табылады.

4.2. Филиалдың негізгі міндеттері:

1) бекітілген аумақта Университеттің ағымдағы және стратегиялық жоспарларын іске асыру;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру, қосымша және бейресми білім беру мәселелері бойынша Университетті ілгерілету және оның нарықтағы ұстанымдарын нығайту;

3) Университет іске асыратын сапалы қызметтер көрсету, олардың бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз ету (инновациялық технологияларды қолдану, өзектілігі, талап етілуі);

4) денсаулық сақтау ұйымдарымен іскерлік байланыстар орнату және ынтымақтастықты ұйымдастыру арқылы Университет қызметін дамыту;

5) филиалдың және жалпы Университеттің ғылыми белсенділігін арттыру, Университеттен ғылыми базаны ұсыну және Университеттен жаңа технологияларды интеграциялау арқылы ғылыми қызметті ұйымдастыруға көмек көрсету.

4.3. Көрсетілген мәні мен міндеттерді іске асыру үшін Филиалда келесі қызмет түрлері жүзеге асырылады:

1) тар шеңберлі клиникалық мамандықтар бойынша резидентура бағдарламасы бойынша оқыту (бұдан әрі – РБО);

2) медициналық мамандықтар бойынша қосымша білім беру және медицина қызметкерлері үшін, оның ішінде тәлімгерлер үшін бейресми білім беру (біліктілікті арттыру, сертификаттау курстары, мастер-кластар) бойынша қызметтер көрсету.

4.4. Филиал Университет Жарғысында көрсетілген шекте басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.

4.5. Филиал тізбесі Университеттің Жарғысында айқындалатын белгілі бір қызмет түрлерімен заңнамада белгіленген тәртіппен Университетке берілген лицензиялар негізінде ғана айналыса алады.

5. Филиалды басқару

5.1. Филиалдың қызметі Университеттің органдары мен лауазымды тұлғаларымен өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Филиалды басқару бойынша Университеттің Директорлар кеңесінің функцияларына:

5.2.1. Университеттің даму стратегиясына сәйкес Филиал қызметінің басым бағыттары мен даму стратегиясын анықтау;

5.2.2. Университеттің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

5.2.3. Филиалдың ұйымдық құрылымы мен штат санын бекіту;

5.2.4. Жарғыда, осы Ережеде және Университеттің басқа ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарында көзделген басқа функциялар кіреді;

5.3. Университет Басқармасының Филиалды басқару функцияларына:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленген тәртіппен Университет атынан жасалатын мәмілелер бойынша Филиалдың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

2) ішкі бақылау саясатын іске асыруды қамтамасыз ету және стратегиялық бағыттарды әзірлеу;

3) Директорлар кеңесі бекіткен штат санын ескере отырып, Филиалдың штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту кіреді;

5.4. Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының Филиалды басқару функцияларына:

1) Филиалдың басшысын қызметке тағайындау және босату, онымен еңбек шартын жасасу және бұзу, олардың құзыреті мен лауазымдық міндеттерін анықтау;

2) Филиалдың жұмыс режимін (регламентін) белгілейді;

3) Филиалдың банктік және басқа шоттарын ашады;

4) Университеттің Жарғысында, осы Ережеде және Университеттің басқа да ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарында көзделген басқа функциялар кіреді.

5.5. Филиалдың қызметіне ағымдағы басшылықты және оның жұмысын жүргізуді Басқарма Төрағасы-Ректор берген сенімхат негізінде Филиалдың басшысы жүзеге асырады.

5.6. Филиалдың басшысы:

1) Филиал қызметінің мәні, міндеттері мен функцияларын ұйымдастырады және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

2) Филиалдың ағымдағы және перспективалық жұмыс жоспарларын белгіленген тәртіпте әзірледі, келісуді және бекітуді қамтамасыз етеді;

3) Филиал қызметіне қатысты мәселелер бойынша Университет органдары мен лауазымды адамдарының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

4) Филиал қызметінде заңдардың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) соттарда, мемлекеттік органдарда, сондай-ақ барлық заңды тұлғалармен (меншік түріне қарамастан) және жеке тұлғалармен қатынастарда Филиал

қызметіне байланысты мәселелер бойынша Университеттің мүдделерін білдіреді;

6) Университет атынан келіссөздер жүргізеді, Филиал қызметіне қатысты мәселелер бойынша келісімдер және басқа да мәмілелер жасайды, жасалған шарттар бойынша барлық қажетті түзетулерді енгізеді, шарттарды бұзады, Филиал мүлкіне және Филиалдың банк шоттарындағы ақшаға билік етеді, төлем құжаттарына қол қояды;

7) Филиалдың мөрлерін, мөртабандары мен бланкілерін дайындауға тапсырыс береді, оларды мақсатына сай пайдаланады;

8) Басқарма Төрағасы-Ректордың келісімі бойынша Филиалдың банктік шоттарын ашады және жабады;

9) ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды бекітеді, Филиал қызметіне қатысты мәселелер бойынша Филиал қызметкерлері мен білім алушылары үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

10) Университет атынан Филиал қызметкерлерімен еңбек қатынастары мәселелерін реттейді (басшының орынбасары мен бас бухгалтерді қоспағанда), соның ішінде еңбек шарттарын жасайды және бұзады, еңбек шарттарына қосымша келісімдерге қол қояды, қызметкерлерді көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді, жеке құрам бойынша бұйрықтар шығарады;

11) Университет бекіткен еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес Филиал қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен өзге де төлемдерінің мөлшерін айқындайды;

12) Филиал мүлкін ұтымды және мақсатты пайдалануды қамтамасыз етеді;

13) Филиалдың қарамағындағы құпия ақпаратты, қызметтік құжаттаманы және материалдық құндылықтарды қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді;

14) Филиалдың тиісті жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15) Филиал басшысының лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі осы Ережемен және Филиал басшысының лауазымдық нұсқаулығымен айқындалады.

16) Филиал басшысы өз өкілеттігін Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры берген сенімхатқа сәйкес, сондай-ақ осы Ережеде және Университеттің басқа да ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарында көзделген шектеулерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. Филиалдың мүлкі

6.1. Университет Филиалға өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мүлік береді.

6.2. Филиалдың мүлкі:

6.2.1. оған Университет берген (бекітілген);

6.2.2. Филиал өз қызметі нәтижесінде сатып алған;

6.2.3. қайырымдылық көмек және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер ретінде өтеусіз негізде алынған ақшадан және өзге мүліктен құралады;

6.3. Филиал өзіне бекітіліп берілген мүлікті осы Ережеде айқындалған Филиалдың міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында тек қана оның мақсатына сәйкес пайдаланады.

6.4. Филиалдың барлық мүлкі, оның түсу көздеріне қарамастан, Университеттің балансында есепке алынады және Университеттің меншігі болып табылады.

6.5. Университет Филиалға бекітіліп берілген мүлікті өндірістік қажеттілік мақсатында, сондай-ақ егер мұндай мүлік артық, пайдаланылмайтын болып табылған немесе Филиал мақсатына сай пайдаланбаған жағдайда алып қоюға құқылы.

6.6. Филиал Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының алдын ала жазбаша келісімінсіз:

- 1) банк шоттарын ашуға және жабуға;
- 2) дебиторлық берешекке иелік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдеме немесе кепілдік беруге құқылы емес.

7. Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметі

7.1. Филиал Университет атынан қаржы-шаруашылық қызметін осы Ережемен және Филиал басшысына Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры берген сенімхатпен белгіленген өкілеттіктер шегінде және шарттарда жүзеге асырады.

7.2. Филиал жүзеге асыратын қызметтердің бағасы Университеттің Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

7.3. Филиал жүзеге асыратын қызметтер үшін ақша Филиалдың банктік шоттарына, ал олар болмаған жағдайда - Университеттің банктік шоттарына аударылады.

7.4. Филиал қызметінің қорытындылары Университеттің бухгалтерлік балансында және қаржылық есептілігінде көрсетіледі.

7.5. Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері осы Ережеде, Университеттің ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарында көзделген өкілеттіктермен салыстырғанда кеңейтілуі немесе шектелуі мүмкін.

7.6. Филиал қызметіне ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында Университет кез келген уақытта Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметіне тұтастай алғанда да, жекелеген жұмыс учаскелері бойынша да тексеру (аудит) жүргізуге құқылы.

7.7. Тексеруді жүргізуге Университеттің Жалғыз акционері, Директорлар кеңесі, Басқарма Төрағасы-Ректор, Басқарма мүшелері, Университеттің Ішкі аудит қызметі өз құзыреті шегінде бастамашы болуы мүмкін.

7.8. Тексеру жүргізу үшін тәуелсіз кәсіби ұйымдар мен мамандар (аудиторлар) тартылуы мүмкін.

7.9. Тексеру (аудит) барысында тексерушілер Филиал басшылығы мен қызметкерлерінен тексеру мәні бойынша жеке түсіндірмелер мен анықтамалар беруін талап етуге құқылы.

8. Ақпаратты ұсыну

8.1. Университет Басқармасының талабы бойынша Филиал басшысы Филиалдың қызметіне қатысты ақпаратты, соның ішінде:

- 1) Филиалға бекітілген мүлікке құқық белгілейтін құжаттар;
- 2) бухгалтерлік, төлемдік, қаржылық, ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар;
- 3) банк шоттарында ақшаның болуын, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруды растайтын құжаттар;
- 4) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, көрсетілетін қызметтерді сатып алу және өткізу көлемдері туралы жиынтық талдамалық есептер;
- 5) тексеру актілері, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының нұсқамалары және олардың нәтижелерін ұсынуға міндетті.

8.2. Сұратылған құжаттар мен ақпарат сұраныста белгіленген мерзімде ұсынылуы тиіс.

8.3. Филиал Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорына:

- 1) Филиал мүлкіне тыйым салу;
- 2) нәтижесінде Филиалдың мүлкі бүлінген немесе жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;
- 3) Филиалдың, оның ішінде құқық қорғау және арнайы органдарда даулар мен сот талқылауларына қатысуы;
- 4) Филиалды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де тізілімдерге енгізу;
- 5) мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешектің болуы;
- 6) Филиалдың лауазымды тұлғаларын әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы ақпарат беруге міндетті.

8.4. Көрсетілген ақпарат Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорына дереу, бірақ тиісті мән-жайлар немесе оқиғалар туындаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

9. Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік

9.1. Филиал «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді, қаржылық есептілік жасауды қамтамасыз етеді.

9.2. Филиалдың мүлкі, шаруашылық операциялары, оның қызметі нәтижесінде туындайтын талап ету құқықтары мен міндеттемелер Филиалдың жеке балансында ескеріледі.

9.3. Филиал қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университет актілеріне сәйкес мерзімде және нысанда Университетке ұсынады.

9.4. Филиалдың қаржылық есептілігіне Филиалдың басшысы қол қояды.

9.5. Филиал басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кезең ішінде бухгалтерлік құжаттаманың, салықтық есепке алу құжаттамасының, есепке алу деректерін электрондық өңдеу бағдарламаларының тиісінше сақталуын, оларды ресімдеуді және белгіленген тәртіппен архивке тапсыруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

9.6. Филиал басшысына Университеттің органдары мен лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ ақпарат алуға уәкілетті өзге де тұлғаларға ұсынылатын Филиалдың бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігінің тиісті түрде жүргізілуіне, Филиал қызметі туралы ақпараттың өзектілігі мен сенімділігіне дербес жауапкершілік жүктеледі.

10. Салық міндеттемелерін орындау

10.1. Филиал салық заңнамасында белгіленген тәртіппен салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлеуді жүзеге асырады.

10.2. Филиал басшысына салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде Филиал дербес төлеуші (салық агенті) болып танылған салықтардың, төлемақының түрлері, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) міндеттерін атқару жөніндегі барлық қажетті іс-қимылдардың орындалуы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

11. Филиалдың қызметін тоқтату

11.1. Филиалды есептік тіркеуден шығару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Университеттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүргізіледі.

12. Қорытынды ереже

12.1. Осы Ереже Филиал Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әділет органдарында есептік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.


12.2. Осы Ереженің түпнұсқасы (төлнұсқасы) Университетте сақталады, осы Ереженің нотариалды куәландырылған көшірмелері Филиал басшысына жауапты сақтауға беріледі.

12.3. Осы Ережеге өзгерістер немесе толықтырулар енгізу өзгерістерді немесе толықтыруларды бекіту не Филиал туралы ережені жаңа редакцияда бекіту арқылы жүргізіледі.



12.4. Осы Ереженің қолданылуы Филиалдың қызметі тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.

12.5. Осы Ережемен реттелмеген барлық жағдайларда Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Әзірлеген:

Р/б №	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
1.	Төлеуова Г.А.	Заң бөлімінің жетекшісі		01.03.22

Келісілді:

Р/б №	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
1.	Мусин Н.М.	Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі.		01.03.22
2.	Нұрғалиева Р.Е.	ЖОО кейінгі білім беру департаментінің басшысы.		01.03.22